

## Жамбыл облысының су объектілері мен су шаруашылығы құрылыштарындағы көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлерді белгілеу туралы

Жамбыл облысының әкімдігінің 2019 жылғы 7 тамыздағы № 168 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 9 тамызда № 4314 болып тіркелді.

### РҚАО-ның ескертпесі.

Күжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су Кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Су айдындарындағы қауіпсіздік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 19 қаңтардағы № 34 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 10335 болып тіркелген) сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Жамбыл облысының су объектілері мен су шаруашылығы құрылыштарындағы көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлер белгіленсін.

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы қаулыдан туындайтын басқа да шаралардың қабылдауын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М.Шукеевке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап қүшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

A. Мырзахметов

Жамбыл облысы әкімдігінің

2019 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_ қаулысына қосымша

Жамбыл облысының су объектілері мен су шаруашылығы құрылыштарындағы көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлер

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Жамбыл облысы әкімдігінің 31.05.2024 № 139 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

№	Су объектісінің атауы	Көшілік демалатын орын	Орналасқан жері
1	Талас өзені	жағажай	автомобиль жолы Тараз-Алматы, Талас өзені арқылы өтетін көпірдің жанында
2	Талас өзені	жағажай	Тараз қаласы, "Тектүрмас" кесенесі маңындағы аумақ
3	Сенгіrbай су қоймасы	жағажай	Жамбыл ауданы, Шайдана ауылы
4	Теріс-Ащыбұлақ су қоймасы	жағажай	Жуалы ауданы, Қызыл Арық ауылы
5	Қарабастау бұлагы	жағажай	Жуалы ауданы, Қарабастау ауылы
6	Саяхат көшілік демалатын орын	жағажай	Қордай ауданы, Қордай ауылы
7	Алмаз су қоймасы	жағажай	Қордай ауданы, Беткайнар ауылы
8	Орталық саябақтағы көл	жағажай	Сарысу ауданы, Жаңатас қаласы
9	Жартас су қоймасы	жағажай	Талас ауданы, Қаратай қаласы
10	Пионер су қоймасы	жағажай	Талас ауданы, Көктал ауылдық округі
11	Тасөткел су қоймасы	жағажай	Шу ауданы, Белбасар ауылы
12	Шу өзені	жағажай	Шу ауданы, Белбасар ауылы "Ақ жайлай" демалыс орны"
13	Шу өзені	жағажай	Шу ауданы, Төле би ауылы, Мерке-Бұрылбайтал тас жолы 109 шақырым Шу өзені арқылы өтетін көпірдің жанында